



Артықбаев Ж., Нұрдәулетова Б., Шоқай М., Бекзатқызы И.

**МАҢҒЫСТАУ ТОПОНОМАСТИКАЛЫҚ АРЕАЛЫ:  
ТАРИХИ ТОПОНИМИЯ, ТОПОБЕЙНЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ  
ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ**

**(монография)**

Астана, 2025

ӘОЖ 81+821.512.122  
ББК 83.3 (5 қаз)

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг  
университетінің ғылыми кеңесі шешімімен баспаға ұсынылды.  
Хаттама №1, 05.09.2025 ж.

**Рецензенттер:**

**Манкеева Ж.А.** – филология ғылымдарының докторы, профессор,  
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері.

**Metin EKİCİ** - PhD доктор, профессор, Еге университеті (Түркия, Измир)  
Түркі фольклорын зерттеу бөлімінің басшысы.

**Артықбаев Ж., Нұрдәулетова Б., Шоқай М., Бекзатқызы И.**

**Маңғыстау топонимикалық ареалы: тарихи топонимия, топонимдер және оларды интерпретациялау:** монография. – Астана: «iDesign», 2025. -255 бет

ISBN ISBN 978-601-366-498-9

ҚР ҒЖБМ грантымен қаржыландырылатын «AP19680234 «Маңғыстау топонимикалық ареалы: тарихи топонимия, топонимдер және оларды интерпретациялау» ғылыми жобасы аясында жазылған бұл монографияда Маңғыстау жер-су атаулары туралы ежелгі грек, араб, Европа тарихшыларының, географтарының, саяхатшыларының жазбаларындағы, алғашқы карталардағы, XIX ғасырдағы Ресей империясы ұйымдастырған экспедиция материалдарындағы мәліметтер жан-жақты талданған. Сондай-ақ, авторлардың 3 жыл бойы жасаған далалық экспедиция материалдары да зерттеудің ғылыми дереккөзі ретінде пайдаланылған. Киелі топонимдердің халық жадында сақталған фольклорлық әңгімелері тарихи деректермен сабақтастырылып, қисынды ғылыми пайымдаулар жасауға негіз болған.

Монография тілбілімі, тарих, география, фольклортану, мәдениеттану саласы мамандарына және осы саладағы зерттеуге қызығушылығы бар өзге де оқырманға арналады.

ӘОЖ 81+821.512.122  
ББК 83.3 (5 қаз)

ISBN 978-601-366-498-9

©Артықбаев Ж.О., Нұрдәулетова Б.И.,  
Шоқай М., Бекзатқызы И.

**КІРІСПЕ**

Қазіргі тіл біліміндегі антропоэлектік бағытқа сәйкес тілдің адамның ойлау жүйесі мен іс-әрекетіне ықпалы, сонымен қатар адамның тілге әсері, түйіндей айтқанда, тілдегі адам факторына ерекше мән берілуде. «Ғаламның тілдік бейнесінің» фрагменті ретінде жалқы есімдер, соның ішінде жер-су атаулары да дәстүрлі ұлттық мәдениеттің вербалды кодының құрамдас бөлігі болып табылатын жеке ономастикалық код құрайды. Осы орайда, жобаның идеясы – Маңғыстаудың мыңдаған жылдық тарихы бар топонимикалық деректерінен әр түрлі кезеңдердің мәдениет қабаттарын, көне және ортағасырлық этностардың тілдік субстраттарын, әдет-ғұрып, дәстүрлерін зерттеуге, осы өлкеде іздері сақталған сауда жолдарының, бекеттері мен айлақтарының жаңғыртпасын жасауға, Еуразиялық діни-конфессиялық және дүниетанымдық түсініктердің даму кезеңдерін анықтауға үлес қосумен байланысты.

Жобаның мақсаты – Маңғыстаудағы тарихи топонимдерді зерттеу, осы аймақта қалыптасқан топонимдерді анықтап, интерпретация жасау, соның негізінде Маңғыстаудың топонимикалық бейнесінің қалыптасу үдерісін қайта құру, тарихи топонимдердің тұрғылықты халықтың жадында ғасырлар бойы консервациялану механизмін айқындау.

Жоба барысында Маңғыстаудағы тарихи топонимдерді зерттеу арқылы осы аймақта қалыптасқан топонимдер анықталып, топонимдердің мазмұнына интерпретация жасалады, соның негізінде Маңғыстаудың топонимикалық бейнесінің қалыптасу үдерісіне тарихи-хронологиялық, тарихи-этимологиялық талдау жасалады, тарихи топонимдердің тұрғылықты халықтың жадында ғасырлар бойы консервациялану механизмі айқындалады. Маңғыстау топоареалындағы тарихи топонимдер, соның ішінде бұрын танымал емес топонимдер жинақталып, түрлі блоктар бойынша жүйеленеді, топонимдер базасы құрылады, виртуалды реконструкция әдісі арқылы Маңғыстаудың топонимдері анықталады, тарихи топонимдерді қалпына келтіріледі.

Зерттеу бағыты Маңғыстау өңірінің Қазақстан геостратегиясындағы орнына байланысты өте өзекті. Ғылыми орта Қазақстанның Батыс әлемімен жан-жақты тығыз қарым-қатынасын қолдайды, бұл – логистикасы Маңғыстаумен тығыз байланысты, тарихи негізі және топонимикалық дәлелі бар қарым-қатынастар.

Зерттеудің әдістемесі. Зерттеу барысында тіл біліміндегі дәстүрлі тарихи-этимологиялық, лексика-семантикалық, форманттық, құрылымдық әдістермен қатар Маңғыстау аймағында қалыптасқан топонимдік когнитивті-дискурстық модельдеу, когнитивті-прагматикалық интерпретация, трансформация, жүйелеу, ландшафты-топонимикалық, картографиялық тарихи зерттеу, тарихи-хронология әдістері қолданылады.

**АРТЫҚБАЕВ Ж., НҮРДӘУЛЕТОВА Б., ШОҚАЙ М., БЕКЗАТҚЫЗЫ И.**

**МАҢҒЫСТАУ ТОПОНОМАСТИКАЛЫҚ АРЕАЛЫ:  
ТАРИХИ ТОПОНИМИЯ, ТОПОБЕЙНЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ  
ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ**

**(МОНОГРАФИЯ)**

27.10.2025 ж. басуға қол қойылды  
Форматы 70x100<sup>1/16</sup>  
Таралымы 200 дана  
«iDesign» баспасында басылды  
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы